

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 454 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 7 маусымдағы  
№ 454 қаулысымен  
мақұлданған  
Жоба

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісім**

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің бұдан әрі Тараптар деп аталатын үкіметтері,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің 2018 жылғы 2 қарашадағы ядролық авария немесе радиациялық авариялық жағдай туындаған жағдайда әзірлікті қамтамасыз ету және олардың зардаптарын жою кезінде өзара көмек көрсету жөніндегі өзара іс-қимылы туралы келісімді негізге ала отырып,

МАГАТЭ және басқа да халықаралық ұйымдардың қауіпсіздік нормаларында көрсетілген атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары мен тәсілдерін назарға ала отырып,

мемлекетаралық ақпарат алмасу саласындағы, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер мүшелері болып табылатын халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер шеңберінде қабылданған халықаралық шарттарды назарға ала отырып,

нормативтік құқықтық құралдарды одан әрі жетілдіру және орнықты даму мақсаттарына сәйкес келетін жаңа технологияларға көшу, ядролық материалдар мен радиоактивті заттардың заңсыз таралуын болғызбау және ядролық және радиациялық қауіпсіздікті кепілді түрде қамтамасыз ету қажеттілігін негізге ала отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер халқының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде ақпараттық өзара іс-қимылдың сөзсіз қажеттілігін ескере отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдер мен анықтамалардың мынадай мағыналары болады:

радиациялық жағдайдың мониторингі – радиациялық жағдайды бағалау, сондай-ақ болашақта оның өзгеруін болжау мақсатында ұзақ мерзімді тұрақты бақылаулар жүйесі ;

радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу – ядролық және радиациялық қауіпті объектілердің қалыпты жұмыс істеуі кезінде және дағдарыстық жағдайларда радиациялық жағдай туралы деректермен ақпараттық алмасу;

радиоактивті заттардың трансшекаралық тасымалы – аумақтарында радиоактивті заттардың шығарындылар көзі орналасқан мемлекеттер шекарасынан тыс алыс қашықтықтарға ауа және/немесе су ағындары бар радиоактивті заттардың таралуы;

Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары – Тараптардың заңнамасына сәйкес радиациялық жағдай мониторингін жүзеге асыру бойынша өкілеттіктер берілген, Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағында радиоактивті заттардың трансшекаралық тасымалы барысында қауіптің төнуі немесе туындауы кезінде радиациялық жағдай мониторингінің жүйелерімен алынатын деректерді жинауды, сақтауды және алмасуды қамтамасыз ететін және осы Келісімді іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар, өзге де ұлттық органдар;

радиациялық жағдай мониторингінің мемлекеттік (ұлттық) жүйесі – Тараптар аумағында жұмыс істейтін радиациялық жағдай мониторингі жүйесінің барлығын біріктіретін, Тараптар аумағындағы радиациялық жағдайдың жай-күйі туралы деректерді жинауды, беруді, талдауды және болжауды қамтамасыз ететін жүйе.

## **2-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары:

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарындағы радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу мәселелері бойынша Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдарының өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарында радиациялық жағдайдың жай-күйі және оның өзгеруі туралы деректер мен ақпаратты беру және алу;

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағында, оның ішінде үшінші мемлекеттердің аумақтарынан радиоактивті заттардың трансшекаралық тасымалы қаупі төнген немесе туындаған кезде радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу болып табылады.

### **3-бап**

Осы Келісімнің күші радиациялық жағдай мониторингінің мемлекеттік (ұлттық) жүйелері алатын деректерге қолданылады.

Осы Келісімнің күші атом энергиясын пайдалану объектілерінің өнеркәсіптік алаңдарынан келіп түсетін радиациялық жағдай мониторингінің деректеріне қолданылмайды.

### **4-бап**

Әрбір Тарап осы Келісімді іске асыру жүктелетін уәкілетті (құзыретті) органды (органдарды) айқындайды, бұл туралы осы Келісімнің депозитарийін оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы хабарламамен бір мезгілде хабардар етеді.

Уәкілетті (құзыретті) органның функцияларын атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы Тараптардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін немесе осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарындағы радиациялық жағдайға мемлекеттік мониторингті жүзеге асыратын министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік корпорациялар немесе өзге де ұйымдар орындауы мүмкін.

Уәкілетті (құзыретті) орган өзгерген жағдайда тиісті Тарап күнтізбелік 30 күн ішінде бұл туралы осы Келісімнің депозитарийін хабардар етеді.

Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында байланыс тұлғаларын тағайындайды.

Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары арасында байланыс тұлғаларын тағайындау туралы ақпарат алмасу Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану жөніндегі комиссиясының Хатшылығы (бұдан әрі – Комиссия) арқылы жүзеге асырылады.

### **5-бап**

Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарындағы радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен өзара алмасуды қамтамасыз етеді.

### **6-бап**

Ақпараттық өзара іс-қимылды және радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасуды жүзеге асыру кезінде Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары:

радиациялық жағдай мониторингі деректерімен тұрақты түрде алмасуды;  
берілетін ақпараттың дәйектілігін;

қажет болған жағдайда ақпаратқа бұрын берілген түзетулер мен нақтылауларды жедел енгізуді;

қандай да бір күтпеген жағдайлар туындағанда ақпаратты (ресми сұрау салуларды) беру мүмкін еместігі туралы өзара ескертудің уақтылығын;

алынған ақпаратты осы Келісімнің мақсатында ғана пайдалануды қамтамасыз етеді.

#### **7-бап**

Комиссия осы Келісімді іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіреді және қажет болған жағдайда радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен өзара алмасу мәселелері бойынша консультацияларды ұйымдастырады.

#### **8-бап**

Осы Келісімге сәйкес ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру үшін қажетті техникалық және бағдарламалық құралдарды пайдалануды Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары оларды ақпараттың рұқсатсыз кіруінен немесе жария болып кетуінен қорғауды көздей отырып, дербес қамтамасыз етеді.

Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары бірлесіп радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасудың бірыңғай тәртібін әзірлейді, ол Комиссияның шешімімен бекітіледі.

Радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасудың бірыңғай тәртібі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарындағы радиациялық жағдайдың параметрлері туралы берілетін ақпараттың тізбесін, форматтарын, мұрағаттау мерзімдерін және регламентін, Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдарының байланыс ақпаратын қамтиды.

Осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстарды қаржыландыруды Тараптар жыл сайын ұлттық бюджеттерде Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары өздеріне жүктелген функцияларды орындауға көзделетін қаражат есебінен және шегінде, сондай-ақ Тараптар (олардың шаруашылық жүргізуші субъектілері) ұлттық заңнамаға сәйкес тартатын бюджеттен тыс көздер есебінен жүзеге асырады.

#### **9-бап**

Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасы мен халықаралық міндеттемелерін сақтай отырып жүзеге асырылады. Осы Келісім шеңберінде осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік құпиясын (мемлекеттік құпияларын) құрайтын ақпарат алмасу жүзеге асырылмайды.

Егер осы Келісімге қатысушы мемлекеттің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Тарап осы Келісімнің шеңберінде берілетін және таратылуы және (немесе) берілуі өз мемлекетінің заңнамасында шектелген ақпарат ретінде қарастырылатын ақпарат "құпия" деген белгіні қамтуға тиіс.

#### **10-бап**

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар тиісті хаттамамен ресімделеді.

#### **11-бап**

Осы Келісімді қолдану және түсіндіру кезінде туындайтын Тараптар арасындағы даулы мәселелер мүдделі тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен немесе Тараптар келіскен басқа да рәсімдер арқылы шешіледі.

#### **12-бап**

Осы Келісім депозитарий оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кеш орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті хабарламаларды алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

#### **13-бап**

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжатты беру арқылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

#### **14-бап**

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы депозитарийге осындай ниеті туралы жазбаша хабарламаны шығуға дейін алты айдан кешіктірмей жолдай отырып және осы Келісімнің қолданылу уақытында туындаған міндеттемелерді реттей отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы.

Осы Келісімді іске асыру барысында бір Тараптың екінші Тараптан алған ақпаратты пайдалануы оның қолданысы тоқтатылғаннан кейін ақпаратты алған Тарап үшін осы Келісімнің ережелерімен реттелуді жалғастыратын болады.

202\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің төлнұсқасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының  
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының  
Үкіметі үшін

Армения Республикасының  
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін

Түрікменстан Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының  
Үкіметі үшін

Украина Үкіметі үшін

Молдова Республикасының  
Үкіметі үшін